

Р.Е. ТАРАКБАЕВА,¹
т.ғ.к., доцент.
«Тұран» университеті¹

ТАБИҒАТТЫ САҚТАУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ИННОВАЦИЯЛАР

Андатпа

Аталған мақалада қазіргі уақытта «жасыл» технологиялардың қонақүйлер мен мейрамханалар жұмысына белсенді түрде енгізіліп жатқаны қарастырылған. Сонымен қатар тұтынушылар «таза» туризм үшін төлеуге дайын екендіктерін атап көрсетті. Қазіргі уақытта Еуропада 200-ден астам қонақүйдің «эко» таңбаламасы бар және бұл көрсеткіш үнемі өсу үстінде. Заманауи үнемдеуші эко-технологиялар Қазақстандағы қонақүйлер мен мейрамханалардың осы бағытта алға жылжыуына септігін тигізіп, республикамыздағы экологиялық ортасын ластамай, оған оң әсер ететіні айтылған. Мақалада автор қоршаған ортаны, табиғатты сақтау бойынша бірнеше ұсыныстар берген, атап айтқанда энергоқорларды саналы түрде пайдалану жөніндегі іс-шаралар кешенін қарастырып, оны жүйелі түрде іске асыруды ұсынады. Мысалы, энергия үнемдеу мен энергетикалық тиімділік мәселелерін, энергия қорларын ұтымды түрде пайдалануға мүмкіндік беретін жаңа технологиялар мен инновациялар енгізуді, су, жылу және электр энергиясы сияқты ресурстардың пайдаланылуын азайтуды, құрылыста экологиялық жағынан таза табиғи материалдарды пайдалануды, шатырдағы таза ауадағы көгалдандырылған бақша, нөмірлерді безендіруде жергілікті суретшілердің өнер туындыларын пайдалану қарастыруды және қонақүй мәзірін жаңа піскен жергілікті өнімдерге, соның ішінде био-өндірілген өнімдерге негізделіп құрылуын қарастырады. Қонақүйлер мен мейрамханалардың қызметіне үнемді инновациялық технологияларды енгізу нәтижесінде, оның қоршаған ортаға оң әсер ететіні туралы айтылған.

Тірек сөздер: инновациялар, табиғат, технологиялық инновациялар, қонақүй, мейрамхана, «жасыл» технология, экосертификат, «таза» туризм.

Алматы қаласында экологиялық мәселелердің бар екендігін барлығымыз да білеміз. Статистика жөніндегі департаменттың соңғы мәліметіне қарағанда, өткен жылы зиян шығарындылар көлемі екі жарым пайызға дерлік жоғарылаған, бұл көрсеткіш тек қана қала ішіндегі кәсіпорындарға қатысты алынған көрсеткіш. Алматыдағы зиянды қоқыстар он екі жарым мың тоннаға дерлік көбейген екен. Бұл сандар тек стационарлық көздерге, яғни қалалық кәсіпорындарға ғана қатысты. Соның нәтижесінде көптеген аймақтардағы топырақ, жерасты сулары мен жерүсті сулары қарқынды ластануға тап болуда. ҚР-дағы қатты тұрмыстық қалдықтардың 5%-ы ғана кәдеге жаратылады немесе өртеуге ұшырайды [1].

Қонақүйлерді «жасылдандыру»-дың көп бағыты бар. Қонақүйлерде суды саналы түрде пайдаланып, бөлмелердегі жылыту-салқындату процестерін реттеп, пластика қалталардың пайдаланылуын азайтқан маңызды болып табылады. «Жасыл кілт» – қонақүйлерге қоршаған ортаны қорғау саласында берілетін халықаралық сапа белгісі. Экосертификатты иемдену үшін қонақүй міндетті болып табылатын 50 критерийге сай болуы шарт. Ол критерийлер келесі бірнеше бағыттан тұрады: экологиялық менеджмент, қонақтарға арналған ақпарат, су тұтыну, жинастыру мен кір жуу, қалдықтарды басқару және т.б. Соңғы жылдардағы дағдарыс аясында қалыптасқан қазіргі экономикалық жағдай қонақүй секторы кәсіпорындарын фирмаішілік дамуға қатысты жаңа тәсілдер іздеуге мәжбүрлейді. Бизнесінің бұл саласындағы бәсекелестік біршама күшейіп, қазіргі заманғы қонақүйлердің табысты болуы олардың инновациялық рельстерге тұрып-тұрмағандығына байланысты, себебі инновацияшылдық кез-келген кәсіпорынның бәсекеге қабілеттілігінің маңызды факторларының бірі. Қонақүй басшыларының алдында басты екі міндет тұр: неғұрлым көп клиент тарту (нөмірлердің максималды санын сату) және қонақтың тұрақты клиентке айналуы үшін барлық жағдайды жасау. Бұл міндеттерді жаңа енгізілімдердің көмегіне жүгінбей шешу мүмкін емес. Әрбір қонақ үшін күресу, дағдарыс орын алып жатқан қазіргі заманда технологиялар мен санада, бизнесті жүргізуге қатысты көзқарастарда сан жағынан максималды инновациялар мен өзгерістерді енгізуді талап етеді [2].

Қазақстанда экологиялық инновацияларды енгізу жөніндегі қозғалыс енді бой көтеріп келе жатыр, ал АҚШ-та болса, соңғы зерттеу нәтижелеріне сүйенсек, туристердің 60%-дан астамы

қоршаған ортаны қорғау бағдарламаларына қатысып отырған қонақүйлердің қызметтері үшін қосымша төлем жасауға дайын. Экологиялық сәйкестік сертификаттарын алудағы ең табысты қонақүйлер қатарына франшизалары елімізде табысты қызмет етіп жатқан Marriott, Ritz Carlton, Rezidor және т.б. қонақүй операторлары жатады. Оның себебі мынада: желі қалдықтардың кез келген түрін қайта өңдеу, электр қуатын тұтынуды азайту, экологиялық жабдық сатып алуға бизнеске зардабы келмейтіндей үлкен қаражат жұмсай алады. Экологиялық тауар немес өнімдер жоғарырақ бағаланады, қонақүй қызметтері жөнінде де осыны айтуға болады. Бүкіл әлем бойынша эконоқонақүйлер туристер үшін тартымдырақ және беделдірек болып келеді. Еуропада 200-ден астам қонақүйдің эко таңбаламасы бар және бұл көрсеткіш үнемі өсу үстінде. Қонақүйдің өз-өзін эконоқонақүй ретінде ұсынуы бірқатар бәсекелестік артықшылықтар береді, олардың қатарында жаңа мәртебені жарнамалық мақсатта пайдалану мүмкіндігі, қызметкерлер мен меймандар үшін ұнамды микроклиматтың қалыптасуы, нөмірлік қор жүктемесі көрсеткіштерінің жоғарылауын атап өтуге болады.

Қазіргі таңда көптеген қонақүйлердің электр энергиясын өндіре алатын жел диірмендері, күн көзінен қуатталатын батареялары жоқ, себебі олар осындай шағын көлемді қонақүйлер үшін біршама қымбат қондырғылар болып келеді. Қонақүйлерде хауыз бар, ол су тұтынуды арттырады. Оған қоса, қонақүйдің аумағында тұтастай дерлік энергия үнемдеуші шамдар емес, әдеттегі қыздыру шамдары пайдаланылады. Бұл – қоршаған орта қорларына деген немқұрайлы тұтынушылық қатынастың белгісі.

Экологиялық қонақүйлердің көпшілігінде қонақтарға қонақүйге тоқтаған кезде нені және қалай пайдаланған абзал екендігі көрсетілген арнайы буклеттер беріледі. Тіпті әр нөмірде биологиялық тұрғыда ыдырамайтын пластика қалталардың орнына қоқысқа арналған арнайы сөмкелер ұсынылады. Ал осындай қонақүй аумағында сатылатын заттың барлығы міндетті түрде көп мәрте пайдаланылатын ыдыстарға салынып беріледі.

Қонақүйлердің экологияға ықпалына талдау жасай отырып, қоршаған орта ресурстарына қатысты немқұрайлы тұтынушылық қарым-қатынасты ғана байқауға болады.

Бұл жағдайды түзету үшін келесі амал-әрекеттерді іске асыру ұсынылады: қыздыру шамдарын энергия үнемдеу шамдарына алмастыру; әрбір қонақты қабылдап, орналастыру кезінде «экологиялық үнпарақтар» тарату; санитарлық тораптарда жылуға жауап беретін крандар орнату. Осының барлығы адам денсаулығын сақтау және Алматының табиғи ортасының сақталуына жағдай туғызатын болады.

Қонақжайлылық саласындағы маңызды да өзекті міндет – энергоқорларды саналы түрде пайдалану жөнінде іс-шаралар кешенін іске асыру. Қонақүйлердің көпшілігі энергия мен қорларды үнемдеу жөніндегі заманауи талаптарға жауап бермейді, себебі ескі құрылыс нормаларына негізделіп салынған. Қонақүйдегі энергия үнемдеу дегеніміз – ең алдымен едендерді, қабырғалар мен төбелерді жылылау есебінен жылу шығынын азайту. Қонақүй бизнесіндегі энергия үнемдеу мәселелерін шешу, сонымен қатар, төмендегі міндеттерден тұрады.

1. Ғимараттағы жылу шығыны жөнінде жалпы түсінік беріп, шешілуі тиісті осал тұстарды анықтайтын энергетикалық аудит өткізу. Ол өткізілгеннен соң бұл мәселелерді шешуге кірісіп, белгілі бір ғимарат үшін қолайлы нұсқаны таңдауға болады:

- ◆ қонақүйлердің пайдаланылуы барысында энергия тұтынылуын азайту;
- ◆ қонақүй клиенттерін энергия мен қорларды үнемдеуге итермелеу;
- ◆ ғимарат құрылысы мен пайдаланылуының жаңа бағыттарын дамыту;
- ◆ қор үнемдеуші технологияларды, жаңа материалдарды қолданысқа енгізу.

2. Энергия үнемдеу мен энергетикалық тиімділік мәселелері қазақстандық қонақүйлердің алдында тұрған өзекті мәселелерге айналып отыр. Оның себебі энергия қорларына байланысты тарифтердің жыл сайын өсіп отыруы, сонымен бірге, энергияға деген қажеттілік те артып, оны үнемдеуші технологиялар аз мөлшерде пайдаланылуда.

Қонақүйлердің энергетикалық тиімділігін арттырудың басты әдісі – энергия қорларын анағұрлым саналы түрде пайдалануға мүмкіндік беретін жаңа технологиялар мен инновациялар енгізу. Қонақүй қызметтерінің өзіндік құнының 15%-ға жуығын интерьерлерді жарықтандыруға кететін шығындар құрайды. Жаңа инновациялық жарық көздері – жарықдиодтық және индукциялық шамдар бұл шығындарды айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік береді. Сонымен бірге осындай энергия көздерін пайдалану электр энергиясын тұтынуды 10 есе азайтуға

мүмкіндік береді, ал осы технологияларды енгізуге кететін шығындарға келер болсақ, олар болмашы ғана, себебі қаражат жоспарлы түрде тек жаңа шамдар сатып алуға жұмсалады. Сол себепті осы инновацияларды енгізу тиімділігі аса жоғары болып келеді.

Жарықтандыруға кететін шығындарды азайтудың екінші әдісі бар – қонақүйлерде адамдардың болып-болмауына байланысты жарықты автоматты түрде қосып не сөндіріп тұратын арнайы құрылғыларды пайдалану. Бұл инновацияның тиімділігі аталмыш құрылғылар орнатылатын ғимаратқа, оның ішінде адамдар қаншалықты жиі және қаншалықты ұзақ болатынына тәуелді.

Қонақүй, демалыс базаларының құрылысы мен көлік пайдалану саласындағы экологиялық инновациялардың бір формасы – су, жылу және электр энергиясы сияқты ресурстардың пайдаланылуын азайту, құрылыста экологиялық жағынан таза табиғи материалдарды пайдалану болуы мүмкін. Бұдан бөлек энергияның жанартылатын көздерін пайдалану, қоқыс пен қалдықтарды қайта өңдеуді де есте ұстаған жөн. Бұл ретте қоқысты сұрыптау үшін түрлі түсті контейнерлер орнатқан абзал.

Кесте 1 – Қоқысты сұрыптау контейнерлері

Түсі	Қалдық түрі	Қайта өңдеу мүмкіндігі
Жасыл	Әйнек (бөтелкелер, стакандар)	Бар
Көк	Газеттер, журналдар және басқа да баспалық басылымдар	Бар
Сары	Картон, босаған пластик қаптамалар	Бар
Қара	Органикалық қалдықтар, тамақ қалдықтары (мысалы, компост)	Бар
Қоңыр	Қауіпті қалдықтар (батарейкалар)	Бар
Қызыл	Қайта өңделмейтін қалдықтар	Жоқ
Алқызыл	Пластик бөтелкелер мен пастик қаптамалар	Бар
Ескертпе – Дереккөзі бойынша автормен құрастырылған [3].		

Бұл процесс қалдықтарға, олардың екінші мәрте пайдаланылуы мен қайта өңделуінің арқасында, «екінші өмір» сыйлауға мүмкіндік береді. Қоқысты сұрыптау оның ыдырауының, шіруінің алдын алып, қоқыс тасталатын жерлерде өрттің болуына жол бермейді. Яғни қоршаған ортаға келетін зиян мөлшері азаяды. Осындай қадам жасалса, қонақүйлердің қоршаған ортаға немқұрайлы қарамайтынының белгісі болар еді.

Инфра-қызыл сенсорларды пайдаланып жарықтың автоматты түрде сөндірілуін қамтамасыз ететін «all-off» сияқты технологиялар, төрт көлденең жолды құрғақ кондициялау жүйесі, негізгі элементі жуынатын бөлмедегі күн көзінен қуатталатын қабырға болып табылатын су пайдаланудың жаңа жүйесі экологиялық иновациялардың тамаша мысалы болар еді. Соңғысының көмегімен тіпті суды күн энергиясымен жылытып, ал сүзгіден өткен пайдаланылған ағынды суларды бау-бақша мен басқа да өсімдіктерді суғаруға пайдаланса болады.

Төменде келтірілген технологиялардың енгізілуі қонақүйге қонақтар алдында өзін басқа тұрғыдан көрсетуге мүмкіндік берер еді:

- ♦ егер де бөлмелерде қоқыс сұрыптауға арналған арнайы себеттер қарастырылған болса, қонақ бөлме ішінде орын ауыстыруға кететін уақытын үнемдер еді;
- ♦ күн көзінен энергия жинақтаушы қабырға адам басына тұтынылған су мөлшерін көрсететін арнайы индикатормен жабдықталған болса;
- ♦ әртүрлі ингредиенттер, олардың тағамдық құндылығы мен пайдасы сипатталып, саламатты тамақтану рационы жөнінде әртүрлі ұсынымдар берілетін арнайы журналдар клиенттерге қолжетімді болса;
- ♦ ішкі бау-бақша гимнастика мен йогамен айналысу мүмкін болатындай жобаланып, оған қажетті жабдық пен керек-жарақтар қарастырылса;
- ♦ қағаз құралдар экологияшыл технологиялар жөніндегі ақпараттан тұратын болса;
- ♦ қонақүйлер жалға велосипедтер беретін болса;
- ♦ нөмір кілті жергілікті автобустармен және электричкамен жүруге мүмкіндік беретін болса;

- ♦ энергетикалық тиімділік;
- ♦ қонақүй нөмірлері ашық кеңістіктің елеулі болуын қарастырады, осылайша ғимараттың тіреніш болатын беткі жағының ауданы азайып, энергия үнемді жұмсалатын болады;
- ♦ нөмірде құрғақ кондициялау жүйесі орнатылған.

Бағдарламаланатын «ақылды» термостат бөлме температурасын қадағалайды. Егер нөмір қолданысқа берілмеген болса, температура минималды болады. Қонақ келмес бұрын қажетті температураға дейін жылытылады. Егер нөмір қайтадан босаса, инфра-қызыл құрылғылар температураның бірнеше градусқа төмендегендігі жөнінде сигнал жібереді:

- ♦ нөмірде LED ақылды жарықтандыру жүйесі пайдаланылады, ол жарықтандырылу қарқынын азайтып, электр энергиясын үнемдеуге мүмкіндік береді;
- ♦ «ақылды» термостат энергия жинақтаушы қабырға жұмыс істеп тұрған кезде кондициялау жүйесін жауып тастайды;
- ♦ нөмірден шыққан кезде барлық электр элементтерін сөндіретін ыңғайлы «all-off» жүйесі;
- ♦ энергетикалық тұрғыда тиімді болып келген орталық әуе конденсация жүйесі жылытылмалы бойлерден, конденсациялаушы бойлер мен суды күннің қуатымен жылытатын жүйеден тұрады;
- ♦ қонақүйдегі электр қуаты шатырдағы фотогальваникалық панельдер есебінен қамтамасыз етіледі;
- ♦ душ қабылдау бөлмесіндегі энергия жинақтаушы қабырға су жылыту үшін пайдаланылады.

Нөмірдегі жарықтандыру мен температураны өзгерту мүмкіндігі қонақтар үшін қосымша жайлылық қалыптастырады. Ішкі ортада энергия жинақтаушы қабырға нөмірдің ішкі және сыртқы кеңістігінің біртұтастығын қалыптастырады, нөмірдің ішкі кеңістігінде пайдаланылған бояуларда химиялық волатильді элементтердің болмауы және жиһазда волатильді химиялық компоненттердің аз мөлшерде болуы қажет.

Су тұтыну үшін ағысы баяу душ, су тұтыну деңгейі төмен унитаз қарастырылуы тиіс және пайдаланылған және тазартылған суды бау-бақша мен өсімдіктерді суғаруға пайдаланған дұрыс болады.

Крандардағы автоматты сенсорлар өздігінен қуатталады. Материалдар ретінде су тазалау жүйесінде газдалған не газдалмаған ас суын алуға, әйнек бөтелкелерді толтыруға мүмкіндік беретін сүзгілер қарастырылған, пластика бөтелкелер пайдаланылмауы тиіс, сертификатталған ағаш едендер табиғи бояғыштармен боялуы, мықты да берік маталар табиғи талшықтардан және қайта өңделетін сертификатталған материалдардан жасалуы тиіс, киіз кілемшелер боуы қажет, төсек-орын тыстары, көрпе мен сүлгілер жаңартылатын материал – эвкалипттен жасалуы қажет, органикалық түрде өсірілген мақтадан жасалған жапқыштар, матрастар қайта өңделген серіппелер мен соя көбігін пайдалану арқылы дайындалуы тиіс, бөлмелер тек «жасыл» жуғыш құралдар көмегімен жинастырылуы қажет, қағаз үнемдеу мақсатындағы электрондық блокноттар, қайта өңделген әйнек бөтелкелерден жасалған шамдар қолданылады.

Сыртқы ортада шатырдағы таза ауадағы көгалдандырылған бақша, нөмірлерлі безендіруде жергілікті суретшілердің өнер туындыларын пайдалану қарастырылған және қонақүй мәзірі жаңа піскен жергілікті өнімдерге, соның ішінде био-өндірілген өнімдерге негізделіп құрылған.

Қазіргі уақытта «жасыл» технологиялардың қонақүйлер мен мейрамханалар жұмысына белсенді түрде енгізіліп жатқаны жөнінде сенімділікпен айтуға болады, ал тұтынушылар болса «таза» туризм үшін төлеуге дайын екендіктерін көрсетуде. Осылайша, осы салада экологияшылыққа ұмтылу қоршаған ортаны қорғау тұрғысынан да, экономикалық тиімділікке қол жеткізу тұрғысынан да ақылға қонымды болып табылады. Бүкіл әлем бойынша экоқонақүйлер туристер үшін тартымдырақ және беделдірек болып келеді. Еуропада 200-ден астам қонақүйдің эко таңбаламасы бар және бұл көрсеткіш үнемі өсу үстінде. Заманауи үнемдеуші эко-технологиялар Қазақстандағы қонақүйлердің осы бағытта алға жылжыуына септігін тигізіп, Республикамыздағы экологиялық ортаға оң әсерін тигізеді.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Гулаков Н.В. Организация инновационного процесса на предприятиях сферы услуг // Вестник Чувашского университета. – 2011. – № 1. – С. 20.

2 Трачук А. Инновационная стратегия компании // Проблемы теории и практики управления. – 2013. – № 9. – С. 75–83.

3 Маннапов А. Система управления инновационной деятельностью в организации // Проблемы теории и практики управления. – 2013. – № 6. – С. 98–104.

Аннотация

В данной статье предусматривается, что в настоящее время «зеленые» технологии активно внедряются в работу гостиниц и ресторанов. Также автор отметил, что клиенты готовы платить за «чистый» туризм. В настоящее время в Европе более 200 гостиниц имеют маркировку «эко» и этот показатель постоянно растет. Современные экономичные эко-технологии способствуют продвижению гостиниц и ресторанов в Казахстане в этом направлении и оказывают положительное влияние на экологическую среду в нашей республике. В статье автор предложил несколько рекомендаций по сохранению окружающей среды, природы, в частности, рассмотреть комплекс мероприятий по сознательному использованию энергоресурсов и ее системную реализацию. Например, были рассмотрены вопросы энергосбережения и энергетической эффективности, внедрения новых технологий и инноваций, позволяющих рационально использовать энергоресурсы, снижения использования таких ресурсов, как вода, тепло и электроэнергия, использования экологически чистых природных материалов в строительстве, использования произведений искусства местных художников в оформлении номеров. Предусмотрено составление гостевого меню на основе свежих местных продуктов, в том числе биопроизведенной продукции. Речь идет о том, что внедрение экономичных инновационных технологий в деятельность гостиниц и ресторанов положительно влияет на окружающую среду.

Ключевые слова: инновации, природа, технологические инновации, гостиница, ресторан, «зеленые» технологии, экосертификат, «чистый» туризм.

Abstract

This article discusses that currently “green” technologies are being actively implemented in the work of hotels and restaurants. The author also noted that customers are willing to pay for “clean” tourism. Currently, more than 200 hotels in Europe are marked eco, and this figure is constantly growing. Modern economical eco-technologies contribute to the promotion of hotels and restaurants in Kazakhstan in this direction and have a positive impact on the environmental environment of our Republic. In the article, the author proposed several recommendations for the preservation of the environment and nature, in particular, to consider a set of measures for the conscious use of energy resources and its systematic implementation. For example, the issues of energy saving and energy efficiency, the introduction of new technologies and innovations that allow rational use of energy resources, reducing the use of resources such as water, heat and electricity, the use of environmentally friendly natural materials in construction, the use of works of art by local artists in the design of rooms. The guest menu is based on fresh local products, including bio-produced products. It is the matter of the fact that the introduction of cost-effective innovative technologies in the activities of hotels and restaurants has a positive impact on the environment.

Key words: innovation, nature, technological innovation, hotel, restaurant, “green” technology, eco-certificate, “clean” tourism.